

Тұрғын емес үй-жайларды қоғамдық бірлестіктердің пайдалануын реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 11 қыркүйек N 435-ө Мемлекеттік меншікке жататын тұрғын емес үй-жайларды Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктерінің белгіленген тәртіпті бұза отырып пайдалану практикасын реттеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі екі апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасы қоғамдық бірлестіктерінің тізбесін ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктері есеп айырысуларының жай-күйі мен тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалға алудың белгіленген тәртібін сақтауына тексеру жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі екі ай мерзім ішінде қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттік меншікке жататын тұрғын емес үй-жайларды пайдалануынан түскен ақша қаражатының тиісті бюджетке түсуіне тексеріс жүргізісін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарласын.

5. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары В.В. Соболевқа жүктелсін.

Премьер-Министр